ЖОБА

“ТІЛГЕ БОЙЛАУ”

www.irrd.kz



НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ МАЗМҰНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРДІ СҮЙЕМЕЛДЕУ

БЕКІТІЛДІ

- Даму ортасын құру (ҚР БҒМ №70 бұйрығы)
- Тәрбиешілердің міндетті құжаттамасының тізбесі (ҚР ОАМ №382 бұйрығы)
- МДҰ қызметінің үлгілік қағидалары (ҚР ОАМ №385 бұйрығы)

ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗІЛДІ

- Стандарт
- Үлгілік оқу жоспары
- Үлгілік оқу бағдарламасы

ЖЕТІЛДІРІЛДІ

Үлгілік оқу бағдарламасы

- Қазақ тілін меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде пайдалану үшін сөздік минимум әзірленді

БҰЛ ӘДІСТІҢ БАСЫМДЫЛЫҒЫ – ЖҮЙЕЛІК, ӘДІСТЕМЕЛІК БІРТҰТАСТЫҚ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕЛУІ

Қазақ тіліне бойлау- мектеп жасына дейінгі балалардың қазақ тілін игеруге деген қызығушылықтарын оятуға, ынтасын арттыруға бағытталған, тілді өз құрдастарымен, ересектермен балалардың түрлі әрекеттері арқылы күні бойы режимдік сәттерде игертуді көздейтін тілдік орта арқылы үйрету

«ТІЛГЕ БОЙЛАУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЕНГІЗУГЕ НОРМАТИВТІК НЕГІЗ

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
№ 394 бұйрығы

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
№ 422 бұйрығы

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
№ 348 бұйрығы

ҚОЛДАНЫСТА

Стандарт- халықтың мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту арқылы іске асырылады.

Үлгілік оқу жоспары- күні бойы режимдік сәттерде сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде байланыстырып сөйлеуін дамыту, қазақ халқының мәдениетімен, салт, дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту

Үлгілік оқу бағдарламасы- 3-5 жасқа арналған қазақ тілінің бағдарламасы (қазақ тілді және өзге тілді топтарға жеке), тілді меңгертудің міндеттері мен күтілетін нәтижелері, сөздік минимум берілген

ҚОСЫМША МҮМКІНДІКТЕР (МЖМБС)

Білім беру бағдарламаларының вариативтілігін қамтамасыз ету мақсатында мектепке дейінің тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасынан бөлек вариативтік оқу жоспарларын әзірлеуге болады

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын әзірлеуге болады

Баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру

ТАЛДАУ

МҮМКІНДІКТЕР

Жағдайды талдау

- Мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының мазмұнында тілді үйрету келесі тілдік дағдылар арқылы жүзеге асырылады: айтылым, тыңдатады, сөйлесім
- Мемлекеттік тілдің басымдылығы, оның ішінде 3 жастан бастап қазақ тілін оқыту қарастырылған
- Тілді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар күтілетін нәтиже түрінде анықталған

Қазақ тілін үйрету

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне сәйкес Стандарт, Үлгілік оқу жоспары, Үлгілік оқу бағдарламасы қайта қаралған
- Қазақ тілі 3 жастан бастап стандарт негізінде жеке ұйымдастырылған әрекет түрінде ұйымдастырылады
- Қазақ тілін үйрету жиілігі «күн сайын»
- Үлгілік оқу бағдарламасында баланың жасына қарай қазақ тілінің сөздік минимумы берілген

ТӘУЕКЕЛДЕР

Әлсіз тұсы

- Педагогикалық кадрлардың сапасы
- Әлеуметтік желіде балаларға қолжетімді қазақ тіліндегі ресурстардың аздығы
- Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы тілдік ортаның жоқтығы
- Ата-аналардың қазақ тілінде сөйлемеуі, білім беру процесіне тартылмауы

Қиындықтар

- Аралас тілді балабақшаларда қарым-қатынас тілі орыс тілі болып қалып отыр
- Оқу бағдарламасына сәйкес келетін қазақ тіліндегі оқу құралдары мен дидактикалық материалдардың жеткіліксіздігі
- Әлеуметтік желіде балаларға қолжетімді қазақ тіліндегі ресурстар өте аз
- Оқу бағдарламасына сәйкес келетін қазақ тіліндегі оқу құралдары мен дидактикалық материалдар жеткіліксіздігі

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ЕРТЕ БОЙЛАУ МОДЕЛІ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТ:
қазақ тіліне бойлау жобасы тәжірибесімен бөлісу

- Педагогтердің білімін жетілдіру: семинар, тренинг, шебер-сынып
- Әдістемелік қолдау көрсету
- Қазақ тіліне бойлау жобасын ендіру үдерісін мониторингілеу
- Қазақ тіліне бойлау жобасы бойынша пилоттық балабақшаларды тәжірибе тарату алаңына айналдыру

- Интеграция – ортақ тақырып аясында даму салаларын кіріктіру арқылы күн режиміне сай балалардың түрлі әрекеттерін ойын арқылы ұйымдастыру
- Балалардың ұйымдасқан әрекеттерінде СӨЗДІК минимумды белсенді қолдану
- Сөйлеу формасы мен мазмұнының маңызы
- Қарапайымнан –күрделіге және қайталау әдістері
- Баланың күнделікті тіршілігіне сай тілді үйрету – баланың жас ерекшелігіне сай тілдік орта құру
- Тілді үйренуге баланы мәжбүрлемей, ынталандыру
- Баланың психологиялық қауіпсіздігі: қолайлы және жағымды орта, «қате» деп қабылдамау

135 ПИЛОТТЫҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ



Костанай облысы	30
Солтүстік Қазақстан облысы	30
Қарағанды облысы	25
Астана	20
Ақмола облысы	30
Барлығы	**135**

"Тілге бойлау"жобасы іске асырылатын аймақтар (Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан обл. және Астана қ.) және мектепке дейінгі ұйымдар анықталды.

ӘЗІРЛЕНДІ

«Тілге бойлау» жобасын енгізу бойынша жол картасы

«Тілге бойлау» жобасын енгізу бойынша тұжырымдама

"Тілге бойлау" жобасы аясында орыс/ қазақ тілінде МДҰ педагогтеріне арналған біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламалары "Реализация Типовой учебной программы дошкольного воспитания и обучения"/ "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру"

"ТІЛГЕ БОЙЛАУ" ЖОБАСЫ ІСКЕ АСЫРЫЛАТЫН АЙМАҚТАР

ҚҰРЫЛДЫ

ЖҰМЫС ТОПТАРЫ (ҒАЛЫМДАР-ФИЛОЛОГТАР, ПСИХОЛОГТЕР, ПЕДАГОГТЕР, ӘДІСКЕРЛЕР ЖӘНЕ МДҰ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МАМАНДАРЫ) ҚҰРЫЛДЫ

курстағы білім беру бағдарламаларының мазмұнын әзірлеу және МДҰ қазақ тілінің мазмұнын жетілдіру туралы

АНЫҚТАЛДЫ

МДҰ-ДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМУ ДЕҢГЕЙІН АНЫҚТАУҒА АРНАЛҒАН ДИАГНОСТИКАЛАР

1 Сөздік қорын дигностикалау

2 Сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын диагностикалау

3 Сөздің дұрыс дыбысталуын диагностикалау

4 Байланыстырып сөйлеуін дигностикала

СӨЙЛЕУДІ ДАМЫТУ

Сөздік қорын кеңейту

Белсенді сөйлеуді дамыту

Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру

Күтілетін нәтижелер:

- өзінің, жақын адамдарының есімдерін біледі, киімді, жиһазды, ыдыстарды, кейбір қозғалыс құралдарын атай біледі;
- кейбір жануарлар мен олардың қимылдарын біледі, заттардың белгілерін, орналасқан орындарын атайды;
- өзінің дене мүшелерін ажыратады және атайды, дыбыстық еліктеуіш сөздерді жалпы қолданылатын сөздермен ауыстырады;
- мазмұны қарапайым сөз тіркестерін, ойыншықтармен күрделі емес шағын қойылымдарды түсінеді;
- сөзбен немесе қысқа сөз тіркесімен өз өтінішін білдіреді;
- дауысты дыбыстарды және түсінікті артикуляциялық қатынастағы дауыссыз дыбыстарды анық айтады;
- тұрғын үй бөлмелерін атайды, бөлменің ішін бағдарлай алады;
- атауы, түсі, айтылуы бойынша таныс заттарды топтастырады;
- үлкендерді мұқият тыңдай алады, оның нұсқауын орындайды, екі-үш іс-әрекеттен тұратын күрделі емес тапсырмаларды есте сақтайды және орындайды, онда, оған көмекші сөз құрылымдарын түсінеді;
- қоршаған ортамен (керек болып тұр, бер, жібер, жылжы) өзара қарым-қатынасты реттеу мен қалауын білдіру үшін қажетті сөздерді қолданады

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ

Тыңдау

Белсенді қабылдау

Мәнерлі сөйлеу (интонацияны түсіну)

Күтілетін нәтижелер:

қысқа, қарапайым әңгімелер, өлеңдер, тақпақтарды тыңдайды және түсінеді;

көркем туындылардың мазмұнындағы сұраулы, мақұлданған, лепті интонацияларды түсінеді;

қайталап оқу кезінде мәтіндегі сөздерді айта алады;

шағын өлеңдер, ертегілер, әңгімелерге эмоционалды көңіл-күй танытады;

шығарма кейіпкерлеріне жанашырлық танытады.

СЫНАҚ КЕЗЕҢДЕРІ

БАЛАНЫҢ ЖАС ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ САЙ ТІЛДІК ОРТА ҚҰРУ (СӨЙЛЕЙТІН ҚАБЫРҒА)

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАЙЛЫЛЫҚ, ЫНТАЛАНДЫРУ

КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ

ИНТЕГРАЦИЯ (ОРТАҚ ТАҚЫРЫП АЯСЫНДА ҚАЙТАЛАТУ)

«БІР ПЕДАГОГ – БІР ТІЛ» ҚАҒИДАСЫ

ҚАРАПАЙЫМНАН КҮРДЕЛІГЕ ҚАРАЙ ҰҚСАС МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ ҚАТАРЫН ТОЛЫҚТЫРУ

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ БОЙЛАУ ЖОБАСЫН ЕНДІРУ ҮДЕРІСІНЕ МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ (басқа тілде ашылған балабақшада)

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ӘРЕКЕТТЕ

ІС-ШАРАЛАРДА, БОС УАҚЫТТА

СЕРУЕНДЕ

ОЙЫНДА

ТІЛДІК КОМУНИКАЦИЯДА

ИНТЕГРАЦИЯДА

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТА

ТАНЫМДЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕ

5 ЖАСТА КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

- Таныс сөздерді дұрыс атайды және ажыратады
- Қазақ тілінің ерекше дыбыстарын дұрыс айтады
- Күнделікті өмірде қолданылатын кейбір тұрмыстық заттарды (ыдыс-аяқ, жиһаз), жемістердің, көкөністердің, жануарлардың, құстардың аттарын және ұлттық дәстүрлер мен мерекелерге байланысты сөздерді атайды және түсінеді
- Заттардың белгілерін (түсі, шамасы), заттармен әрекеттерді білдіретін сөздерді атайды
- 10-ға дейін тікелей және кері санақты біледі, күнделікті өмірде таныс сөздерді қолданады
- Өзінің тұрғылықты мекен-жайын (қала, ауыл) біледі, отаны туралы әңгімелейді
- Өздігінен заттар туралы қысқа мәтіндер құрастырады
- Диалогқа қатысады

Балаларды Ерте Дамыту Институты

Астана, 2024